

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ФЕНОМЕНІ

¹А.Б. Қауанова*, ²М.Ш. Тарлаубай, ³Ш.Қ. Абеуова, ⁴М. Насырова

^{1,2}С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті (Өскемен, Қазақстан)

³К. Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті (Алматы, Қазақстан)

⁴Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті
(Алматы, Қазақстан)

¹1kauanova@gmail.com, ²shurshitbai_maira@mail.ru, ³shu.tan@mail.ru, ⁴madinyam.76@gmail.com

¹A. Kauanova*, ²M. Tarlaubay, ³Sh. Abeuova, ⁴M. Nassyrova

^{1,2}Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)

³Kenzhegali Sagadiev University of International Business, Almaty, Kazakhstan)

⁴Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages
(Almaty, Kazakhstan)

¹1kauanova@gmail.com, ²shurshitbai_maira@mail.ru, ³shu.tan@mail.ru, ⁴madinyam.76@gmail.com

Сілтеме: Қауанова А.Б., Тарлаубай М.Ш., Абеуова Ш.Қ., Насырова М. Қазіргі білім беру философиясындағы электрондық білім беру феномені// *Әл-Фараби*. – 2026. – Т. 25. № 2(94). – 169-182 б.

Аңдатпа. Мақалада электрондық білім беру жаһандық цифрландыру жағдайындағы қазіргі білім беру философиясының маңызды феномен екендігі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты - электрондық білім берудің мәнін, тарихи қалыптасуын, әлеуметтік-мәдени табиғатын, аксиологиялық мазмұнын және жоғары білім кеңістігіндегі даму перспективаларын кешенді талдау. Осы мақсатқа жету үшін білім беру ортасының цифрлық трансформациясы, педагог пен білім алушы рөлдерінің өзгеруі, білімнің қолжетімділігі, академиялық теңдік, үздіксіз оқу мәдениеті және цифрлық құзыреттілік мәселелері философиялық тұрғыдан пайымдалады. Электрондық білім беру тек техникалық құралдар жиынтығы емес, адамның танымдық белсенділігін, дербестігін, жауапкершілігін және коммуникациялық тәжірибесін қайта ұйымдастыратын жаңа білім беру экожүйесі екені негізделеді. Мақалада электрондық оқытудың артықшылықтары мен шектеулері, Қазақстандағы және Еуропа елдеріндегі тәжірибесі, пандемиядан кейінгі кезеңдегі орны, жасанды интеллект пен виртуалды технологиялар ықпалы талданады. Қорытындыда электрондық білім беру сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етудің, тұлғаның өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін кеңейтудің және гуманистік білім беру құндылықтарын жаңа цифрлық ортада сақтаудың маңызды факторы ретінде бағаланады. Электрондық білім беруді одан әрі

БІЛІМ ФИЛОСОФИЯСЫ

* Автор-корреспондент: А.Б. Қауанова, 1kauanova@gmail.com

дамыту үшін сапалы цифрлық контент қалыптастыру, оқытушылардың цифрлық құзыреттілігін жетілдіру және инклюзивті білім беру ортасын құру қажеттілігі негізделеді.

Түйін сөздер: цифрландыру, жаһандану, электрондық білім беру, білім беру философиясы, цифрлық трансформация, мультимедиялық ресурстар, үздіксіз білім беру, цифрлық құзыреттілік, білім беру экожүйесі.

Kipicne

Қазіргі қоғамның даму логикасы білім беру саласын түбегейлі жаңартуды талап етеді. Жаһандану, ақпараттық ағымдардың жылдамдауы, еңбек нарығындағы өзгерістер, әлеуметтік коммуникацияның желілік сипат алуы және адамның күнделікті өміріне цифрлық технологиялардың терең енуі білім берудің дәстүрлі үлгілерін қайта қарауға мәжбүр етті [1]. Осы жағдайда электрондық білім беру тек қана қашықтан сабақ өткізу немесе оқу материалдарын интернетке орналастыру түріндегі қосымша құрал ретінде емес, тұтас мәдени, педагогикалық және философиялық феномен ретінде көрінеді. Ол білімнің өндіріліп, сақталып, таратылып және игеріліп отыратын кеңістігін өзгертеді, білім алушының жауапкершілігін арттырады, педагогтың қызметін қайта анықтайды және білім беру үдерісінің құндылықтық негіздерін жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді.

Электрондық білім беру ұғымы көбіне цифрлық платформа, онлайн курс, бейнедеріс, виртуалды зертхана, тестілеу жүйесі, білімді басқару ортасы сияқты технологиялық элементтермен байланыстырылып түсіндіріледі [2]. Алайда оның мәні бұлармен шектелмейді. Электрондық білім беру - адамның білімге қатынасын, уақыт пен кеңістікке тәуелділігін, оқу мотивациясын, танымдық дербестігін және әлеуметтік байланыстарын өзгертетін күрделі жүйе. Сондықтан оны тек педагогика немесе ақпараттық технологиялар шеңберінде ғана емес, философия, әлеуметтану, мәдениеттану, психология және антропология тұрғысынан да талдау қажет. Білім беру философиясы тұрғысынан алғанда электрондық оқыту адамның өзін-өзі дамытуына, еркін таңдауына, жауапты шешім қабылдауына және қоғамдағы белсенді қатысуына әсер ететін жаңа мәдени орта ретінде қарастырылады.

Бұл тақырыптың өзектілігі бірнеше себеппен айқындалады. Біріншіден, электрондық білім беру сапалы білімге қолжетімділікті кеңейтеді, әсіресе шалғай аймақтардағы, әлеуметтік мүмкіндігі шектеулі немесе оқу мен жұмысты қатар алып жүретін адамдар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Екіншіден, ол үздіксіз білім алу идеясын нақты тәжірибеге айналдырады, өйткені қазіргі адам кәсіби өмір бойы жаңа құзыреттерді меңгеруге мәжбүр. Үшіншіден, электрондық білім беру педагогикалық қатынастың сипатын өзгертеді: оқытушы дайын ақпаратты жеткізуші ғана емес, оқу траекториясын ұйымдастырушы, кеңесші, модератор және құндылықтық бағдар беруші тұлғаға айналады. Төртіншіден, цифрлық ортада білім сапасы, академиялық адалдық, тұлғалық даму, мәдени теңсіздік және гуманистік құндылықтарды сақтау сияқты күрделі мәселелер туындайды.

Осы мақалада электрондық білім беру қазіргі білім беру философиясының феномені ретінде талданады. Мақсат - электрондық білім берудің тарихи

қалыптасуын, мәнін, философиялық негіздерін, әлеуметтік маңызын, артықшылықтары мен шектеулерін, Қазақстан және шетел тәжірибесіндегі даму бағыттарын кешенді қарастыру. Зерттеу электрондық білім беру құбылысын біржақты технологиялық жаңалық ретінде емес, білім мәдениетінің жаңа кезеңі ретінде түсіндіруге бағытталған.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері

Электрондық білім беруді зерттеу пәнаралық әдіснаманы қажет етеді, өйткені бұл құбылыс бір мезгілде техникалық, педагогикалық, әлеуметтік, мәдени және аксиологиялық өлшемдерден тұрады. Мақалада жүйелік, тарихи-философиялық, салыстырмалы, аксиологиялық және мәдени-антропологиялық тәсілдер қолданылады. Жүйелік тәсіл электрондық білім беруді өзара байланысты компоненттерден тұратын тұтас құрылым ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Мұнда цифрлық инфрақұрылым, оқу мазмұны, педагогикалық дизайн, оқытушы мен білім алушының өзара әрекеті, бағалау тетіктері, академиялық саясат және әлеуметтік қолдау жүйелері бір-бірінен бөлек емес, біртұтас білім беру экожүйесінің элементтері ретінде қарастырылады.

Тарихи-философиялық тәсіл электрондық білім берудің кездейсоқ пайда болған құбылыс емес екенін көрсетеді. Оның тамыры қашықтан оқыту тәжірибесінен, бұқаралық коммуникация құралдарының дамуынан, ақпараттық қоғам теорияларынан және білімнің әлеуметтік рөлі туралы философиялық пайымдаулардан бастау алады. Д.Белл постиндустриалды қоғамда білім мен ақпарат негізгі өндірістік ресурсқа айналатынын көрсетті [1]. М.Кастельс желілік қоғам теориясында ақпараттық технологиялар әлеуметтік құрылымдар мен мәдени байланыстарды қайта ұйымдастыратынын негіздеді [3]. Цифрлық ортадағы шынайылық, белгі, білім және субъект мәселелерін пайымдауда Ж. Бодрийардың симуляция туралы тұжырымдары [4], Ж.-Ф. Лиотардың білімнің постмодерндік күйі жөніндегі идеялары [5] және Ж. Лаканның субъект пен символдық тәртіпке қатысты талдаулары [6] әдіснамалық маңызға ие. М. Маклюэн коммуникация құралдарының адамның қабылдау формаларын өзгертуін ерекше атап өтті [7; 8]. Осы идеялар электрондық білім берудің мәнін түсінуге теориялық негіз береді.

Аксиологиялық тәсіл электрондық білім берудің құндылықтық мазмұнын талдауға бағытталған. Білім беру әрқашан белгілі бір мақсаттар мен құндылықтарға сүйенеді: тұлғаны дамыту, азаматтық жауапкершілік, мәдени мұраны сақтау, әлеуметтік әділеттілік, кәсіби құзыреттілік, сыни ойлау. Цифрлық орта бұл құндылықтарды жоймайды, бірақ оларды жүзеге асыру формаларын өзгертеді. Мысалы, қолжетімділік құндылығы интернет пен платформалар арқылы кеңейеді, бірақ цифрлық теңсіздік мәселесі туындаса, бұл құндылық толық іске аспайды. Дербестік құндылығы онлайн оқуда күшейеді, алайда өзін-өзі ұйымдастыру дағдылары жеткіліксіз болса, оқыту нәтижесі төмендеуі мүмкін.

Мәдени-антропологиялық тәсіл электрондық білім беруді адамның өмір салты, коммуникациясы, уақытты қабылдауы және өзіндік болмысы тұрғысынан

талдайды. Цифрлық ортада білім алушы аудиторияда отырған пассивті тыңдаушы емес, оқу ресурстарын таңдайтын, ақпаратты өңдейтін, өз қарқынын реттейтін және желілік қауымдастықтарға қатысатын белсенді субъект болады. Бұл өзгеріс білім беру философиясындағы негізгі сұрақтарды қайта көтереді: білім дегеніміз не, оқытудағы адам факторы қалай сақталады, технология тұлғаның дамуына қызмет ете ме, әлде оны стандартталған деректер жиынтығына айналдыра ма? Осы сұрақтар мақаланың негізгі талдау бағытын анықтайды.

Электрондық білім берудің тарихи қалыптасуы және мәні

Электрондық білім берудің қазіргі формалары XX ғасырдың соңындағы интернет пен дербес компьютерлердің таралуымен байланысты болғанымен, оның тарихи алғышарттары әлдеқайда ертерек қалыптасты. XIX ғасырда пошта арқылы оқыту тәжірибесі пайда болды: білім алушылар оқу тапсырмаларын алып, орындап, қайта жіберіп отырды. Бұл тәжірибе кеңістіктік қашықтықты білім алуға кедергі етпеудің алғашқы институционалдық үлгісі болды. Кейін радио мен теледидар білімді бұқаралық аудиторияға жеткізудің жаңа құралдарына айналды. Университеттер мен білім беру ұйымдары дәрістерді эфир арқылы таратып, оқу бағдарламаларының қолжетімділігін арттырды.

Компьютерлік технологиялардың дамуы бұл үдерісті сапалық жаңа деңгейге көтерді. 1990-жылдардан бастап оқу материалдарын электрондық форматта сақтау, виртуалды кітапханалар құру, электрондық пошта арқылы байланысу, алғашқы оқытуды басқару жүйелерін пайдалану кеңейді. XXI ғасырдың басында интернет жылдамдығының артуы, мультимедиялық контенттің көбеюі және мобильді құрылғылардың кең таралуы электрондық оқытуды күнделікті білім беру тәжірибесінің ажырамас бөлігіне айналдырды; бұл өзгерістер Э. Тоффлер сипаттаған ақпараттық қоғамдағы жаңа әлеуметтік толқындармен де сабақтас [9]. Массовық ашық онлайн курстар, вебинарлар, интерактивті симуляциялар, білімді автоматты бағалау жүйелері және бұлттық платформалар оқыту мүмкіндіктерін кеңейтті.

COVID-19 пандемиясы электрондық білім берудің маңызын ерекше айқындады. Көптеген елдерде мектептер мен университеттер қысқа мерзім ішінде қашықтан оқытуға көшті [10]. Бұл кезең цифрлық технологиялардың білім беру жүйесін тоқтатпай ұстап тұра алатынын көрсетті, бірақ сонымен бірге көптеген проблемаларды да ашты: интернетке тең қолжетімділіктің болмауы, педагогтардың цифрлық құзыреттілігінің әркелкілігі, студенттердің өзін-өзі ұйымдастыру қиындықтары, онлайн бағалаудың сенімділігі, психологиялық оқшаулану, экран алдындағы шаршау [11]. Демек, электрондық білім беру дайын шешім емес, үнемі жетілдіруді қажет ететін күрделі жүйе.

Электрондық білім берудің мәнін түсіндіру үшін оны цифрлық білім беру ұғымымен шатастырмау маңызды. Цифрлық білім беру кең мағынада барлық цифрлық технологиялардың білім беру саласында қолданылуын қамтиды. Электрондық білім беру, негізінен, желілік платформалар, онлайн оқу

материалдары, интерактивті байланыс, қашықтан бақылау және мультимедиялық ресурстар арқылы ұйымдастырылатын оқу үдерісін білдіреді. Дегенмен қазіргі тәжірибеде бұл ұғымдар жиі өзара жақындасып, біртұтас цифрлық білім беру экожүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қолданылады.

Философиялық тұрғыдан электрондық білім беру білімді заттық ресурс емес, үнемі жаңарып отыратын, қатысушылар арасындағы коммуникацияда қалыптасатын динамикалық процесс ретінде көрсетеді [12]. Дәстүрлі модельде оқу орны, аудитория, оқулық және сабақ кестесі білім беру кеңістігінің негізгі тіректері болса, электрондық ортада платформа, дерекқор, бейнебайланыс, интерактивті тапсырма, форум, цифрлық із және дербес оқу траекториясы маңызды рөл атқарады [13]. Бұл өзгеріс білімнің статикалық мазмұннан әрекеттік және коммуникациялық тәжірибеге айналып бара жатқанын байқатады.

Білім беру философиясы және электрондық оқытудың құндылықтық негіздері

Білім беру философиясы білімнің мақсаты, адамның қалыптасуы, оқытудағы еркіндік пен жауапкершілік, мәдени мұраның берілуі және қоғамның болашақ бейнесі туралы сұрақтарды қарастырады. Антикалық дәуірде білім беру адамның рухани және моральдық жетілуімен байланыстырылды; ағартушылық кезеңде ол еркін, ақылды және жауапты азамат қалыптастыру құралы ретінде түсіндірілді; қазіргі заманда білім беру сыни ойлау, шығармашылық, коммуникация, бейімделу және өмір бойы даму қабілеттерін қалыптастырумен тығыз байланысты. Электрондық білім беру осы тарихи идеяларды жаңа цифрлық ортада жалғастырады, бірақ оларды жүзеге асырудың тәсілдерін өзгертеді.

Электрондық білім берудің басты құндылықтарының бірі - ашықтық. Ашықтық оқу ресурстарының кең аудиторияға қолжетімді болуын, білім алушының түрлі курстар мен бағдарламаларды таңдай алуын, университеттер арасындағы шекаралардың жұмсаруын білдіреді [2]. Ашық онлайн курстар, электрондық кітапханалар, цифрлық архивтер және білім беру платформалары бұрын тек белгілі бір институционалдық ортада ғана қолжетімді болған білімді көпшілікке ұсынады. Бұл білімді демократияландыру үдерісін күшейтеді. Алайда ашықтық сапа мәселесімен қатар жүруі тиіс: қолжетімді контенттің көп болуы оның ғылыми сенімділігі мен педагогикалық құндылығы автоматты түрде жоғары дегенді білдірмейді.

Екінші маңызды құндылық - үздіксіздік. Қазіргі қоғамда бір мамандықты меңгеріп, сол біліммен бүкіл өмір бойы еңбек ету мүмкіндігі азайып келеді. Технологиялар, кәсіби стандарттар, өндіріс тәсілдері және әлеуметтік қажеттіліктер үнемі өзгеріп отырады. Сондықтан білім беру өмірдің белгілі бір жас кезеңімен шектелмей, адамның бүкіл кәсіби және тұлғалық даму жолын қамтуы керек. Электрондық білім беру осы қажеттілікке икемді жауап береді: адам жұмысынан қол үзбей, өзіне ыңғайлы уақытта, жеке қарқынымен жаңа білім мен дағдыларды меңгере алады.

Үшінші құндылық - дербестік пен жауапкершілік. Электрондық ортада білім алушыға көбірек еркіндік беріледі: ол материалды қайталап қарай алады, қосымша дереккөздерді таңдайды, тапсырманы орындау уақытын жоспарлайды, оқу траекториясын реттейді. Бірақ еркіндік жауапкершіліксіз нәтижелі болмайды. Онлайн оқуда табысты болу үшін өзін-өзі ұйымдастыру, уақытты басқару, ақпаратты сын тұрғысынан бағалау, академиялық адалдық және ішкі мотивация қажет. Сондықтан электрондық білім беру адамның тек ақпарат алуын емес, өзіндік оқу мәдениетін қалыптастыруын да талап етеді.

Төртінші құндылық - гуманистік бағдар. Технологиялар білім беру үдерісін тиімді, қолжетімді және икемді ете алады, бірақ олар адамның орнын алмастырмауы тиіс. Білім беру тек ақпарат беруден тұрмайды; ол тұлғаның дүниетанымын, моральдық жауапкершілігін, мәдени сезімталдығын және әлеуметтік қатынасын қалыптастырады. Егер электрондық білім беру тек тест, рейтинг, алгоритм және деректер жиынтығына сүйенсе, онда білімнің адамгершілік мазмұны әлсіреуі мүмкін. Сондықтан цифрлық ортада педагогтың құндылықтық, тәрбиелік және коммуникативтік рөлі сақталуы қажет.

Электрондық білім берудің артықшылықтары мен шектеулері

Электрондық білім беру педагогтың кәсіби рөлін терең өзгертеді. Дәстүрлі аудиториялық модельде оқытушы көбіне білімнің негізгі көзі, түсіндіруші және бақылаушы ретінде қабылданады. Цифрлық ортада ақпаратқа қолжетімділік кеңейген сайын педагогтың функциясы дайын білімді жеткізумен шектелмейді [13]. Ол оқу мазмұнын іріктейтін, цифрлық ресурстарды педагогикалық мақсатқа бейімдейтін, білім алушының жеке траекториясын қолдайтын, кері байланыс беретін және оқу қауымдастығын ұйымдастыратын маманға айналады. Бұл оқытушыдан пәндік біліммен қатар цифрлық педагогика, медиасауаттылық, онлайн коммуникация этикасы және деректермен жұмыс істеу дағдыларын талап етеді.

Электрондық білім берудің ең айқын артықшылығы - қолжетімділік. Интернет байланысы мен тиісті құрылғы болған жағдайда білім алушы географиялық орналасуына қарамастан оқу ресурстарына қол жеткізе алады [2;14]. Бұл әсіресе шалғай ауылдардағы жастар, денсаулық жағдайына байланысты тұрақты аудиториялық сабаққа қатыса алмайтын адамдар, жұмыс істейтін мамандар және отбасылық міндеттері бар білім алушылар үшін маңызды. Электрондық ресурстар білім алуды кеңістік пен уақыт шектеулерінен босатып, білім беру мүмкіндіктерін әлеуметтік тұрғыдан кеңейтеді.

Екінші артықшылық - икемділік және дараландыру. Электрондық платформалар білім алушының қарқынын, қызығушылығын және дайындық деңгейін ескеруге мүмкіндік береді. Бейнедәрісті қайталап көру, қосымша тапсырма орындау, адаптивті тест арқылы әлсіз тұстарды анықтау, жеке оқу траекториясын құру - мұның бәрі дәстүрлі сабақта толық іске аса бермейтін мүмкіндіктер. Жасанды интеллект элементтері енгізілген жүйелер студенттің нәтижесін талдап, оған сәйкес ұсыныстар бере алады. Бірақ мұндай дараландыру

педагогикалық мақсатпен басқарылмаса, білім алушыны тек алгоритмдік ұсыныстарға тәуелді ету қаупі бар.

Үшінші артықшылық - мультимедиялық және интерактивті мүмкіндіктер. Электрондық оқыту мәтін, дыбыс, бейне, анимация, симуляция, виртуалды зертхана, интерактивті карта және ойын элементтерін біріктіре алады [13]. Бұл күрделі ұғымдарды көрнекі түсіндіруге, тәжірибелік дағдыларды қауіпсіз ортада жаттықтыруға, студенттің назарын белсенді ұстап тұруға көмектеседі. Мысалы, инженерлік, медициналық, тілдік немесе әлеуметтік ғылымдардағы кейбір тақырыптарды мультимедиялық модельдеу арқылы тереңірек түсіндіруге болады.

Сонымен бірге электрондық білім берудің шектеулері де бар. Біріншіден, цифрлық теңсіздік мәселесі толық шешілмеген. Интернет сапасы, құрылғының қолжетімділігі, үйдегі оқу жағдайы, цифрлық дағдылар деңгейі білім алушылар арасында әркелкі болуы мүмкін. Егер бұл айырмашылықтар ескерілмесе, электрондық білім беру теңдікті кеңейтудің орнына жаңа теңсіздік тудыруы ықтимал. Екіншіден, онлайн оқуда академиялық адалдықты қамтамасыз ету күрделі. Автоматты тестілеу, прокторинг, плагиатты тексеру жүйелері көмектескенімен, олар сенім, жауапкершілік және академиялық мәдениет мәселесін толық алмастыра алмайды.

Үшіншіден, электрондық білім беру психологиялық және физиологиялық жүктемені арттыруы мүмкін. Ұзақ уақыт экран алдында отыру, ақпараттың көптігі, онлайн байланыстардың үздіксіздігі, үй мен оқу кеңістігінің араласуы шаршау мен күйзеліске әкеледі. Төртіншіден, кейбір пәндерде тәжірибелік, зертханалық немесе клиникалық дағдыларды толық онлайн игеру қиын. Сондықтан электрондық білім беруді барлық жағдайда дәстүрлі оқытудың толық баламасы деп қарастыру дұрыс емес. Ең тиімді модель көбіне аралас оқыту болып табылады: теориялық және ақпараттық компоненттер онлайн ортада, ал күрделі практикалық және әлеуметтік тәжірибе офлайн немесе гибриді форматта ұйымдастырылады.

Қазақстандағы электрондық білім беру: тәжірибе және даму бағыттары

Қазақстанда электрондық білім беру соңғы онжылдықта білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды бағытына айналды. Цифрландыру мемлекеттік саясаттың басымдықтарының бірі ретінде қарастырылып, мектептер мен жоғары оқу орындарында ақпараттық жүйелер, электрондық журналдар, онлайн платформалар, цифрлық білім беру ресурстары және қашықтан оқыту технологиялары енгізілді. 2012 жылдан бастап цифрлық білім беру контентін дамытуға бағытталған бастамалар күшейді, ал кейінгі жылдары жоғары оқу орындары жаппай ашық онлайн курстарды, ішкі LMS жүйелерін және виртуалды академиялық сервистерді белсенді қолдана бастады.

Қазақстандық университеттер үшін электрондық білім беру бірнеше міндетті шешуге мүмкіндік береді. Біріншіден, ол аймақтық қолжетімділікті

арттырады. Ел аумағының кеңдігі, халықтың әркелкі орналасуы және жоғары білім орталықтарының негізінен ірі қалаларда шоғырлануы электрондық форматтың маңызын күшейтеді. Екіншіден, ол академиялық ұтқырлықты кеңейтеді: студенттер басқа университеттердің онлайн курстарын тыңдап, халықаралық білім беру ресурстарын пайдалана алады. Үшіншіден, ол білім беру бағдарламаларын жаңартуға ықпал етеді, өйткені цифрлық орта оқу мазмұнын қысқа модульдерге, практикалық тапсырмаларға және дербес оқу траекторияларына бөлуге мүмкіндік береді.

Пандемия кезеңі Қазақстандағы электрондық білім беру инфрақұрылымының күшті және әлсіз жақтарын қатар көрсетті. Бір жағынан, оқу үдерісін тоқтатпай жалғастыруға мүмкіндік беретін платформалар мен коммуникациялық құралдар тез қолданылды. Екінші жағынан, интернет сапасының әркелкілігі, оқытушылардың әдістемелік дайындығы, студенттердің техникалық мүмкіндігі, онлайн бағалаудың әділдігі және цифрлық контент сапасы бойынша мәселелер анық байқалды. Бұл тәжірибе электрондық білім берудің тек техникалық қосылу мәселесі емес, институционалдық, әдістемелік және әлеуметтік қолдау жүйесін қажет ететінін көрсетті.

Қазақстандағы электрондық білім берудің болашағы бірнеше бағытпен байланысты. Бірінші бағыт - ұлттық цифрлық контент сапасын арттыру. Онлайн курс тек бейнеге жазылған дәріс болмауы керек; ол нақты оқу нәтижелеріне, интерактивті тапсырмаларға, кері байланысқа, бағалау критерийлеріне және академиялық адалдық талаптарына сүйенуі тиіс. Екінші бағыт - оқытушылардың цифрлық педагогикалық құзыреттілігін дамыту. Платформаны қолдана білу жеткіліксіз; оны педагогикалық мақсатқа сай жобалау, студенттің белсенділігін қолдау және онлайн ортада сапалы кері байланыс беру қажет. Үшінші бағыт - цифрлық теңсіздікті азайту. Техникалық инфрақұрылым, қолжетімді интернет, инклюзивті дизайн және әлеуметтік қолдау электрондық білім берудің әділетті дамуы үшін шешуші факторлар болып қала береді.

Еуропа елдері тәжірибесі және салыстырмалы талдау

Еуропа елдерінде электрондық білім беру ұзақ жылдар бойы қашықтан оқыту, ашық университеттер, кәсіби қайта даярлау және өмір бойы білім алу стратегияларымен байланысты дамыды [2]. Германия, Финляндия, Швеция, Франция, Испания, Италия, Чехия және Ұлыбритания сияқты елдерде онлайн білім беру сапасын қамтамасыз ету, студенттерді қолдау, цифрлық ресурстарды аккредитациялау және оқу нәтижелерін тану жүйелері қалыптасты. Бұл тәжірибе электрондық білім берудің табысты болуы тек платформаға емес, білім беру саясатының тұрақтылығына, сапаны бағалау мәдениетіне және академиялық автономияға байланысты екенін көрсетеді.

Еуропалық тәжірибеде инклюзивтілікке ерекше назар аударылады. Денсаулық мүмкіндігі шектеулі адамдар, жұмыс істейтін ересектер, мигранттар, ауылдық аймақ тұрғындары және кәсіби бағытын өзгертуге ұмтылған азаматтар

үшін электрондық бағдарламалар білімге қайта кіру мүмкіндігін береді. Сонымен қатар көптілділік те маңызды. Ұлттық тілдермен қатар ағылшын тіліндегі курстардың дамуы халықаралық академиялық байланыстарды күшейтеді. Бұл Қазақстан үшін де маңызды тәжірибе, өйткені көптілді білім беру және халықаралық білім кеңістігіне кірігу отандық жоғары білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыра алады.

Салыстырмалы тұрғыдан қарағанда, Қазақстан мен Еуропа елдері алдында тұрған міндеттер ұқсас болғанымен, институционалдық жағдайлары әртүрлі. Еуропада сапаны сыртқы бағалау, студенттік қолдау қызметтері, онлайн білімнің еңбек нарығында танылуы және цифрлық құқық мәселелері біршама жүйеленген. Қазақстанда бұл бағыттар дамып келе жатқанымен, әлі де бірыңғай стандарттар, курстардың сапасын салыстыру тетіктері, академиялық кредиттерді өзара тану және онлайн оқыту нәтижелерін еңбек нарығында бағалау мәселелері өзекті. Сондықтан халықаралық тәжірибені механикалық көшіру емес, ұлттық білім беру жүйесінің мәдени, тілдік және әлеуметтік ерекшеліктеріне бейімдеу қажет.

Цифрлық ортадағы білім сапасы, этика және академиялық адалдық

Электрондық білім берудің сапасы ең алдымен оқу нәтижелерінің айқындығына, мазмұнның ғылыми негізділігіне, педагогикалық дизайнның тиімділігіне және кері байланыстың сапасына байланысты [13]. Көп жағдайда онлайн курс сапасын бейнедерістің саны немесе платформаның техникалық мүмкіндігімен өлшеу қате. Нақты сапа білім алушының қандай құзырет қалыптастырғанынан, алған білімін қалай қолдана алатынынан және оқу үдерісінде қаншалықты белсенді болғанынан көрінеді. Сондықтан электрондық білім беру сапасын бағалау үшін мазмұн, әдіс, технология және нәтиже арасындағы байланыс ескерілуі тиіс.

Этика мәселесі цифрлық ортада ерекше маңыз алады. Онлайн оқуда білім алушы туралы көптеген деректер жиналады: платформаға кіру уақыты, тапсырма орындау қарқыны, тест нәтижелері, талқылауға қатысуы, кейде бейне және аудио жазбалар. Бұл деректер оқу сапасын жақсартуға көмектесе алады, бірақ оларды қорғау, сақтау және әділ пайдалану талаптары сақталуы қажет. Білім алушы деректер объектісі ғана емес, құқықтары мен қадір-қасиеті бар тұлға ретінде қарастырылуы тиіс. Прокторинг жүйелері академиялық адалдықты бақылауға көмектіргенімен, жеке өмір құқығы мен сенім мәдениетін бұзбауы керек.

Академиялық адалдық электрондық білім берудің ең күрделі мәселелерінің бірі. Интернеттегі дайын материалдар, жасанды интеллект құралдары, автоматты аудармалар және сыртқы көмек түрлері студент жұмысының шынайылығын бағалауды қиындатады. Бірақ бұл мәселені тек жазалау немесе техникалық бақылау арқылы шешу мүмкін емес. Тиімді жол - тапсырмаларды шығармашылық, аналитикалық және контекстік сипатта жобалау; студенттен жеке позиция, дерекпен жұмыс, салыстырмалы талдау және рефлексия талап ету; бағалау критерийлерін ашық көрсету; академиялық жазу мәдениетін үйрету. Академиялық адалдық білім беру мәдениетінің бөлігі болуы тиіс.

Жасанды интеллекттің дамуы электрондық білім беруге жаңа мүмкіндіктермен қатар жаңа сұрақтар әкеледі [12;13]. Интеллектуалды тьюторлар, автоматты кері байланыс, мәтінді талдау, бейімделген оқу траекториялары және білім алушының қиындықтарын ерте анықтау жүйелері оқыту сапасын арттыра алады. Дегенмен жасанды интеллект педагогикалық шешімді толық алмастырмауы тиіс. Алгоритмдер деректерге сүйенеді, ал білім беру адамның мағына, құндылық, жауапкершілік және мәдени контекстпен жұмыс істеу қабілетіне негізделеді. Сондықтан жасанды интеллект электрондық білім беруде көмекші құрал ретінде қолданылып, шешуші педагогикалық жауапкершілік адамда қалуы керек.

Электрондық білім берудің болашағы және гуманистік өлшемі

Алдағы жылдары электрондық білім беру жасанды интеллект, виртуалды және толықтырылған шындық, үлкен деректер, блокчейн сертификаттары, микроквалификациялар және адаптивті платформалар арқылы дамиды [12;13]. Виртуалды зертханалар студенттерге қауіпті немесе қымбат тәжірибелерді модельдеуге мүмкіндік береді; толықтырылған шындық күрделі объектілерді көрнекі түсіндіреді; микроквалификациялар нақты кәсіби дағдыны қысқа мерзімде дәлелдеуге жағдай жасайды; цифрлық портфолио білім алушының даму траекториясын көрсетуге көмектеседі. Бұл үрдістер білім беру жүйесінің икемділігін арттырады.

Алайда болашақ электрондық білім берудің басты өлшемі технологиялық жаңалық емес, оның адам дамуына қызмет ету қабілеті болуы керек. Егер цифрлық жүйелер білім алушыны тек статистикалық көрсеткіш ретінде қарастырса, білімнің гуманистік мәні әлсірейді. Егер онлайн курс тек ақпаратты тез жеткізуді мақсат етсе, онда терең ойлау, диалог, күмәндану, құндылықтық таңдау және шығармашылық қабілеттер екінші орынға ығысады. Сондықтан электрондық білім беру философиясы технология мен адам арасындағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталуы тиіс.

Гуманистік электрондық білім беру бірнеше қағидаға сүйенеді. Біріншісі - тұлғаға бағытталу: білім алушының қажеттілігі, мүмкіндігі, мәдени ортасы және өмірлік мақсаты ескеріледі. Екіншісі - диалогтық сипат: онлайн ортада да пікір алмасу, сұрақ қою, бірлескен ойлау және академиялық қауымдастық сезімі сақталуы керек. Үшіншісі - әділеттілік: цифрлық ресурстарға тең қолжетімділік, инклюзивті интерфейс, тілдік әртүрлілік және әлеуметтік қолдау қамтамасыз етіледі. Төртіншісі - жауапкершілік: технологияны қолдану білім сапасына, деректер қауіпсіздігіне, академиялық адалдыққа және адамның қадір-қасиетіне нұқсан келтірмеуі тиіс.

Электрондық білім берудің гуманистік өлшемі ұлттық мәдениет пен тіл мәселесімен де байланысты. Цифрлық платформалар жаһандық білім кеңістігіне жол ашқанымен, оқу мазмұнының жергілікті ғылыми дәстүрге, ұлттық құндылықтарға және мемлекеттік тілдегі академиялық коммуникацияға бейімделуі маңызды. Егер электрондық ресурстар тек сыртқы дайын контентке

сүйенсе, білім беру жүйесі ақпаратты тұтынушы деңгейінде қалып қоюы мүмкін. Сондықтан Қазақстан жағдайында қазақ тіліндегі сапалы электрондық оқулықтар, ғылыми бейнедәрістер, терминологиялық бірізділік, отандық кейстер мен зерттеу тапсырмалары ерекше мәнге ие. Бұл бағыт электрондық білім беруді ұлттық интеллектуалдық кеңістікті нығайтатын құралға айналдырады.

Осы тұрғыдан электрондық білім беру қазіргі білім беру философиясының өзекті феномені ғана емес, қоғамның болашақ мәдениетін қалыптастыратын кеңістік болып табылады. Білім беру жүйесі цифрлық технологияларды қаншалықты саналы және құндылықтық негізде қолданса, соншалықты электрондық орта адамның еркіндігін, шығармашылығын және әлеуметтік жауапкершілігін дамытуға қызмет етеді. Ал технологиялар мақсатқа айналып, адам факторы екінші орынға ығысса, электрондық білім беру өзінің гуманистік әлеуетін жоғалтуы мүмкін.

Қорытынды

Электрондық білім беру қазіргі білім беру философиясының маңызды феномені ретінде білімнің мазмұнын, таралу формаларын, педагогикалық қатынастарды және білім алушының тұлғалық жауапкершілігін қайта пайымдауға мүмкіндік береді. Ол цифрлық технологиялардың жиынтығы ғана емес, адамның білімге, уақытқа, кеңістікке, коммуникацияға және өзін-өзі дамытуға қатынасын өзгертетін әлеуметтік-мәдени құбылыс. Электрондық білім беру ашықтық, қолжетімділік, үздіксіздік, дербестік және икемділік құндылықтарын күшейтеді, бірақ сонымен қатар цифрлық теңсіздік, сапа, академиялық адалдық, деректер этикасы және адамаралық қарым-қатынастың әлсіреуі сияқты мәселелерді де алға шығарады.

Зерттеу электрондық білім берудің тиімділігі технологияның өзінен емес, оны педагогикалық және құндылықтық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырудан тәуелді екенін көрсетті. Платформа, бейнедәріс немесе автоматты тест тек құрал болып табылады; ал білім берудің негізгі мақсаты - ойлай алатын, жауапты, мәдениетті, кәсіби және адамгершілік тұрғыдан жетілген тұлға қалыптастыру. Сондықтан электрондық білім берудің болашағы педагогтың кәсіби құзыреттілігіне, білім алушының оқу мәдениетіне, сапалы цифрлық контентке, әділетті инфрақұрылымға және гуманистік білім беру философиясына сүйенуі тиіс.

Қазақстан үшін электрондық білім беру аймақтық қолжетімділікті кеңейту, жоғары білімнің сапасын арттыру, халықаралық академиялық кеңістікке кірігу және өмір бойы білім алу мәдениетін қалыптастыру тұрғысынан ерекше маңызды. Бұл бағытта ұлттық цифрлық контентті дамыту, оқытушыларды жүйелі даярлау, инклюзивті және қауіпсіз платформалар құру, онлайн курстар сапасын бағалау стандарттарын жетілдіру қажет. Электрондық білім беру дұрыс ұйымдастырылған жағдайда сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін, тұлғаның дербес дамуын қолдайтын және қоғамның интеллектуалдық әлеуетін арттыратын маңызды факторға айналады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Белл Д. Грядущее постиндустриальное общество. Опыт социального прогнозирования. - М.: Прогресс, 1973. - 592 с.
- 2 Anderson T. The Theory and Practice of Online Learning. - Edmonton: AU Press, 2008. - 472 p.
- 3 Кастельс М. Становление общества сетевых структур // Новая постиндустриальная волна на Западе: антология / под ред. В.Л. Иноземцева. - М.: Academia, 1999. - С. 492-505.
- 4 Бодрийяр Ж. Симулякры и симуляция. - М.: Рипол-классик, 2015. - 240 с.
- 5 Лиотар Ж.-Ф. Состояние постмодерна. - М.: Институт экспериментальной социологии; СПб.: Алетейя, 1998. - 160 с.
- 6 Lacan J. Le Seminaire, Livre XI: Les quatre concepts fondamentaux de la psychanalyse. - Paris: Seuil, 1973. - 255 p.
- 7 McLuhan M. Understanding Media: The Extensions of Man. - New York: McGraw-Hill, 1964. - 359 p.
- 8 Маклюэн Г.М. Понимание медиа: внешние расширения человека. - М.: Гиперборей, 2007. - 464 с.
- 9 Тоффлер О. Третья волна. - М.: АСТ, 2004. - 781 с.
- 10 China Launches two Global Online Learning Platform to Support Learning during COVID-19 Pandemic [Электронный ресурс] // UNESCO Institute for Information Technologies in Education. - 2020. - URL: <https://iite.unesco.org/news/china-launches-two-global-online-learning-platform-to-support-learning-during-covid-19-pandemic/> (дата обращения: 05.03.2023).
- 11 Gu X., Li L. China's Experience of Online Education during the COVID-19 Pandemic: Policies, Lessons and Challenges // Global Perspectives on Educational Innovations for Emergency Situations. - 2022. - P. 285-293. - DOI: 10.1007/978-3-030-99634-5_28.
- 12 Siemens G. Connectivism: A Learning Theory for the Digital Age // International Journal of Instructional Technology and Distance Learning. - 2005. - Vol. 2, No. 1. - P. 3-10.
- 13 Bates A.W. Teaching in a Digital Age: Guidelines for Designing Teaching and Learning. - 2nd ed. - Vancouver: Tony Bates Associates Ltd; BCcampus, 2019. - 767 p.
- 14 UNESCO. Education in a post-COVID world: Nine ideas for public action. - Paris: UNESCO, 2020. - 26 p.

Transliteration

- 1 Bell D. Grjadushhee postindustrial'noe obshchestvo. Opyt social'nogo prognozirovaniya [The Coming of Post-Industrial Society: A Venture in Social Forecasting]. - М.: Progress, 1973. - 592 s. (in Russ.)
- 2 Anderson T. The Theory and Practice of Online Learning. - Edmonton: AU Press, 2008. - 472 p.
- 3 Kastel's M. Stanovlenie obshchestva setevykh struktur [The Rise of the Network Society] // Novaja postindustrial'naja volna na Zapade: antologija / pod red. V.L. Inozemceva. - М.: Academia, 1999. - S. 492-505. (in Russ.)
- 4 Bodrijjar Zh. Simuljakry i simuljacija [Simulacra and Simulation]. - М.: Ripol-klassik, 2015. - 240 s. (in Russ.)
- 5 Liotar Zh.-F. Sostojanie postmoderna [The Postmodern Condition: A Report on Knowledge]. - М.: Institut jeksperimental'noj sociologii; SPb.: Aletejja, 1998. - 160 s. (in Russ.)

- 6 Lacan J. Le Seminaire, Livre XI: Les quatre concepts fondamentaux de la psychanalyse [The Seminar, Book XI: The Four Fundamental Concepts of Psychoanalysis]. - Paris: Seuil, 1973. - 255 p. (in French.)
- 7 McLuhan M. Understanding Media: The Extensions of Man. - New York: McGraw-Hill, 1964. - 359 p.
- 8 Maklujen M. Ponimanie media: vneshnie rasshirenija cheloveka [Understanding Media: The Extensions of Man]. - M.: Giperboreja; Kuchkovo pole, 2007. - 464 s. (in Russ.)
- 9 Toffler A. Tret'ja volna [The Third Wave]. - M.: AST, 2004. - 781 s. (in Russ.)
- 10 China Launches two Global Online Learning Platform to Support Learning during COVID-19 Pandemic [Electronic resource] // UNESCO Institute for Information Technologies in Education. - 2020. - URL: <https://iite.unesco.org/news/china-launches-two-global-online-learning-platform-to-support-learning-during-covid-19-pandemic/> (accessed: 05.03.2023).
- 11 Gu X., Li L. China's Experience of Online Education during the COVID-19 Pandemic: Policies, Lessons and Challenges // Global Perspectives on Educational Innovations for Emergency Situations. - 2022. - P. 285-293. - DOI: 10.1007/978-3-030-99634-5_28.
- 12 Siemens G. Connectivism: A Learning Theory for the Digital Age // International Journal of Instructional Technology and Distance Learning. - 2005. - Vol. 2, No. 1. - P. 3-10.
- 13 Bates A.W. Teaching in a Digital Age: Guidelines for Designing Teaching and Learning. - 2nd ed. - Vancouver: Tony Bates Associates Ltd; BCcampus, 2019. - 767 p.
- 14 UNESCO. Education in a post-COVID world: Nine ideas for public action. - Paris: UNESCO, 2020. - 24 p.

Қауанова А.Б., Тарлаубай М.Ш., Абеуова Ш.Қ., Насырова М.

Электронное образование как феномен современной философии образования

Аннотация. В статье электронное образование рассматривается как значимый феномен современной философии образования в условиях глобальной цифровизации. Цель исследования заключается в комплексном анализе сущности электронного образования, его исторического становления, социально-культурной природы, аксиологического содержания и перспектив развития в пространстве высшего образования. Для достижения данной цели философски осмысляются цифровая трансформация образовательной среды, изменение ролей педагога и обучающегося, доступность знаний, академическое равенство, культура непрерывного обучения и цифровая компетентность. Обосновывается, что электронное образование представляет собой не только совокупность технических средств, но и новую образовательную экосистему, преобразующую познавательную активность, самостоятельность, ответственность и коммуникативный опыт человека. В статье анализируются преимущества и ограничения электронного обучения, опыт Казахстана и европейских стран, его роль в постпандемийный период, а также влияние искусственного интеллекта и виртуальных технологий. В заключении электронное образование оценивается как важный фактор обеспечения равного доступа к качественному образованию, расширения возможностей саморазвития личности и сохранения гуманистических ценностей образования в новой цифровой среде. Для дальнейшего развития электронного образования обосновывается необходимость создания качественного цифрового контента, совершенствования цифровых компетенций преподавателей и формирования инклюзивной образовательной среды.

Ключевые слова: цифровизация, глобализация, электронное образование, философия образования, цифровая трансформация, мультимедийные ресурсы, непрерывное образование, цифровая компетентность, образовательная экосистема.

Kauanova A.B., Tarlaubay M.Sh., Abeuova Sh.K., Nassyrova M.
E-Learning as a Phenomenon of Contemporary Philosophy of Education

Abstract. The article examines e-learning as an important phenomenon of contemporary philosophy of education in the context of global digitalization. The aim of the study is to provide a comprehensive analysis of the essence of e-learning, its historical development, socio-cultural nature, axiological content and prospects for development within higher education. To achieve this aim, the article philosophically reflects on the digital transformation of the educational environment, the changing roles of the teacher and the learner, access to knowledge, academic equality, the culture of lifelong learning and digital competence. It is argued that e-learning is not merely a set of technical tools, but a new educational ecosystem that reorganizes human cognitive activity, independence, responsibility and communicative experience. The article analyzes the advantages and limitations of e-learning, the experience of Kazakhstan and European countries, its role in the post-pandemic period, and the influence of artificial intelligence and virtual technologies. The conclusion presents e-learning as an important factor in ensuring equal access to quality education, expanding opportunities for personal self-development, and preserving humanistic educational values in the new digital environment. The study substantiates the need for the further development of e-learning through the creation of high-quality digital content, the enhancement of teachers' digital competencies, and the establishment of an inclusive educational environment.

Keywords: digitalization, globalization, e-learning, philosophy of education, digital transformation, multimedia resources, lifelong learning, digital competence, educational ecosystem.

Авторлардың үлесі. Қауанова А.Б., Тарлаубай М.Ш., Абеуова Ш.Қ., Насырова М. зерттеу тұжырымдамасын әзірлеуге, талдау жүргізуге, мақаланың мәтінін дайындауға және оны жариялауға рәсімдеуге тең дәрежеде үлес қосты.

Келін түсті 08.05.2026
Қабылданды 14.05.2026